

¹Тургумбаев А.А.*^{, 1}Кішібекова Ә.Б.

¹М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

***Корреспондент авторы: akan.86@mail.ru**

E-mail: akan.86@mail.ru, aselek_kb92@mail.ru

КАСПИЙМАҢЫ ОЙПАТЫ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ГИДРОГРАФИЯЛЫҚ ЖЕЛІСІНІҢ ДАМУЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада кейінгі плейстоцен мен ерте голоценнің гидрографиялық жерлісі қарастырылады. Каспий теңізі әр түрлі абсолюттік биіктікке көтерілгені белгілі. Өзендер теңіздің жағалауышы сыйықтарының бойымен жүрді және қысқа мерзімде атыраулар құрады. Кейбір атыраулар бірдей деңгейде тоқтаса, ал басқалары оңтүстікке қарай жылжып, мөлшерін ұлғайтты. Жайық, Ойыл, Сагыз және басқалар өзендердің көптеген арналарға бөлініп, жинақтаушы немесе мүсіндік атыраулар құрады. Мақалада Каспий маңы ойпатындағы өзендер жерлісін талдауга және атыраулардың Хвалын уақытының түрлі кезеңдерінде қалай дамығанына толық сипаттама беріледі. Бұл жұмыстың мақсаты - Каспий маңы ойпаты территориясындағы ертежвалын және кешхвалын уақытындағы өзендер жерлісін зерттеу болып табылады. Яғни, олардың ертежвалын трансгрессиясы орын алып, кешхвалын мұз басуымен сәйкес келуі бойыниша сипатталады.

Кіттің сөздер. Мүсіндік және жинақталған атыраулар, Хвалын және Жаңакаспийдің трансгрессиясы, Жайық, Сагыз, Ойыл өзендері, арналар, серпінді алқаптың тармақтары.

Kіріспе

Ерте хвалын трансгрессиясынан кейін Каспий маңы ойпатының территориясына кешхвалын теңізінің сулары көтерілді. Кавказдық жағалауларда олар жертөле террассалары мен абразиялық қырларын қалдырды, Каспий маңы шегінде олар аккумулятивті жер бедерлері формаларын қалыптастырырды және мүсіндік атыраулардың құрылуына ықпал етті. Өзендердің су ағыны теңіз жағалауына түсіп, астындағы тау жыныстарын шайып, тайыз және көл тәрізді арналар пайдада болды. Теңіздің ұзақ уақытқа созылмауына байланысты ағып жатқан өзен сулары өзен аңгарларын мен ойпартарды қалыптастыра алмады. Олар кіріктірілген және аккумулятивті атыраулар құрады [2,4].

Атыраулар барлығы оңтүстік-батысқа, оңтүстікке және оңтүстік-шығысқа бағытталған. Арналарда өзен суымен бірге тұзды қабаттардан тұз тартылды, содан кейін су құрғап қалғаннан соң, арналар бетінде тұз қалды. Осылайша тұзды көлдер, тұзды сорлар және тұзды батпақтар түзілген. Қазіргі уақытта олар ежелгі атыраулардың орнын көрсетеді. Ең үлкен тұзды көлдер Ащықөл, Жалтыр, Қарақөл, Отарқөл, Айғырқөл, Бөлекаяқ және басқалары. Тұзды сорлар мен тұзды батпақтар кең аудандарды алып жатыр және олар – сор деп аталады. Олардың ішіндегі ең ірілері - Жамансор, Қарашибанақ және басқалары.

Картографиялық және ғарыштық түсірілімдерді зерттеуде Жайық өзені арнасынан көптеген тармақтарды байқауға болады. Өзеннен бөлініп шығатын арналар Сарысай, Ақсай, Бағырлай, Бұғұләзек, Бақсай және басқалар болып табылады. Олар ойпанды жер бедерімен ерекшеленетін жерлерде көлдер жүйесін құрайды. Жайық өзенінің көптеген тармақтары негізгі өзендердегі су деңгейінің төмендеуіне байланысты ағыстары тоқтап қалады. Бірақ олардың құрғақ арналары сақталып қалғандығын ғарыштық түсірілімдерде


жақсы көрінеді. Құмды массивтер теңіз және өзен ағындарының қызметімен тығыз байланысты. Демек, хвалын дәүірінің соңында Каспий маңы ойпатының аумағында өте тығыз және жақсы дамыған гидрографиялық желі болған.

Зерттелу аймағының жер бедерін және гидрографиялық желінің дамуын зерттеуде О.К.Леонтьев, Н.И.Фотеева, Г.И.Рычагов, П.В.Федоров және Г.Т.-Г.Турикешевтер елеулі үлес қосқан [1-6]. Алайда хвалын уақытындағы гидрографиялық желінің дамуы толық қамтылмаған. Бұл жұмыстың мақсаты - Каспий маңы ойпаты территориясындағы ертехвалын және кешхвалын уақытындағы өзендер желісін зерттеу болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу әдістемесі [2,6] жұмыстарында сипатталған. Ол біртұтас масштабтағы әртүрлі уақыттардың картографиялық және ғарыштық кескінін талдауға негізделген. Зерттеу үшін 1963-65, 1980-85 жылдары жаңартылған карталар және 2010-2015 ж.ж. ғарыштық суреттер пайдаланылды. Топографиялық карталар Қазақстан аумағында өткен ғасырдың 1980-жылдарынан бастап жаңартылған жок. Осы себепті қырық жыл өткен карткалар қолданылды. Алайда, ғарыштық суреттер картографиялық материалды толықтырып отыруға мүмкіндік береді.

О.К. Леонтьев, Э.Г. Маев және Г.И. Рычаговтардың мәліметтеріне сәйкес [3] Каспий маңы ойпатының аймағында 20-10 мың жыл бұрын ертехвалын трансгрессиясы орын алған. Уақыт өте келе бұл кешхвалын мұз басуымен сәйкес келеді. Зерттелген аймақтағы тар гидрографиялық желінің болуына мүмкіндік берген жеткілікті жауын-шашыны мен салқын ауа райының әсері. Қорсетілген уақыттағы ең үлкен өзендер Ойыл мен Жайық болды. Жалпы Қамыс-Самар атырауы - Ашыөзек, Үлкен және Кіші Өзен, Көшім өзендерімен құрылған ертехвалын уақытында жұмысын жалғастырды. 0 - -2 м. абсолюттік биіктікте тұрған Жайық өзенінің аңғары Кейінгіхвалын теңізінің жағалау сызығына жақында, Жайық атырауының бірімен біріктірілді. Үлкен Өзен өзенінің бассейнінің солтүстігінде кіші Мерекен, Чиж 1 мен 2 және басқалары оңтүстікке қарай бірігіп, біртұтас су бассейнін құрайды (1-сурет). Ертехвалын трансгрессиясы кезінде теңіз деңгейінен 20-24 м. абсолютті белгісінде бұл өзендер кішігірім мүсіндік атырау құрады. Бұл атыраудың іздері - Бірқазан, Үлкен және Кіші Сатай көлдері және т.б. Теңіз суы төменгі деңгейге түскеннен кейін, атыраулар көлемі азайып, теңіз оңтүстік-шығыстан теңіз суларымен құрылған жер бедерінің төмендеуіне қарай бет алады. Каспий маңы аймағындағы жер бедеріндегі осындағы сызықтық ұзартылған ойпандарды көбінесе лимандар деп атайды.



1-Сурет- Чижса, Дүре және Балықты жайылмалары ауданындағы мүсіндік атыраулардың орналасу схемасы.

Хвалын трансгрессияның басталуына қарай аталмыш өзендер, көптеген арналар мен ұсақ көлдер Чижса су жайылмасын қалыптастырды. Ертехвалын теңізінің шығыс

жағасында, абсолютті биiktігі 20-24 м.-ден кіші өзендер тобы болды, олардың ішіндегі ең үлкені – Дүре өзені.

Олар Дүре атырауын құрып, ал кейінрек Хвалын трансгрессиясында олар Дүре жайылмасын құрайды. Балықты 1-ші, Балықты 2-ші және бірқатар ұсақ өзендердің онтүстігіне қарай, теңіз суының 10-12 м деңгейге жеткен кезде Балықты мұсіндік атырауын қалыптастырып, кейін Балықты жайылмасы пайда болды. Чижа және Дүре жайылмасынан су Балықты жайылмасына ағып жатты. Бірақ теңіз төменгі деңгейге дейін түскенде, су ағындары тар алқап тәрізді ойпанды қалыптастырып, оны кейінгіхвалын уақытының соңында сол ойпаң арқылы Қамыс-Самар атырауына қарай аға бастайды. Қамыс-Самар және Орда атырауларының онтүстігінде және онтүстік-шығысында теңіз шығанағы болды, онда құм материалдары жинақталып, кейінгіхвалын теңізінің тұруының барлық кезеңдерінде болған. Жоғарыда айтылғандай, бұл аймақ жоғары көтерілу үстінде болды. Теңіз суы кеткеннен кейін, аталған атыраулардан бастап қазіргі Каспий теңізінің жағалаулерінде дейін барлық аумақта көшпелі құмдар пайда болды. Жайық өзенінің шығысында, кейінгіхвалын уақытына қарай, Бұлдырты, Қалдығайты, Өленті, Жыланды мұсіндік атыраулары теңізben байланысын жоғалтты және оларға ағып жатқан өзендердің супарын қабылдай бастап, іргелес аумақтарды су басып, көлдер пайда болды. Ерекшелік Байғұтта сағасында болды. Ол өзінің онтүстік шетімен, 5-6 метр абсолюттік биiktікте орналасқан ертексвалын теңізінің деңгейімен шектелген. Алайда жеке қалған су ағындары онтүстік бағытта ағып, өз супарын кейінгіхвалын теңізіне құйды.

Федоров П.В. [4], Леонтьев О.К., Фатеева Н.И., Майев Е.Г., Рычагов Г.И. абрразивтік бөренелер, жер бедерінің шөгінді түрлері бойынша зерттеушілер және жауын-шашынның жасы бойынша Кейінгі хвалын теңізінің максималды 0, -2 м биiktікке кетерілген кезеңнен басқа тағы екі кезең болғанын анықтады. Бірінші кезең Құмдық деп аталды, оның деңгейі -5, -6 м абсолюттік белгілермен белгіленді, ал екінші кезең – Сартас деп аталды. Оның супары абсолютті биiktікте -10, -12 м аралығында болды, Өзендер тартылған теңіз супарынан кейін ерекше жер бедерінің формаларын құрады. Ойыл өзені өз кезеңінде көптеген сағаларға бөлініп, Тайсойған құмдарындағы үлкен жинақтаушы атырауын құрды, оны Ойылдық деп атайды. Бұл атыраудың онтүстік шеті 0, -2 м аралығындағы абсолюттік биiktікте өтеді (2-сурет). Демек, бұл атыраудың пайда болуының аяқталуы Кейінгіхвалын уақытында болған. Ойыл өзенінің бағытын бірнеше рет өзгертуене назар аудару керек. Бұл құбылысты тұз-кұмбез тектоникасының болуымен түсіндіруге болады. Өзен ағысы бойындағы кетерілген тұз кұмбезіне сәйкесінше айналып өтіп, бағытын өзгертеді.


Ойыл атырауы Тайсойғанның құмдарында өмір сүруін аяқтаған жоқ, оның супары онтүстікке қарай бұрылып, жаңа Бұлдықаяқ мұсіндік атырауын жасады. Аталған атырауга Жайық өзенінің бөлек тармақтарының суы құйылды. Бұл тармақтар тек ғарыштық суреттерде көрінеді. Кез келген ағындар сияқты олар қар еріген кезде суға толады. Тармақтардың коптеген бөліктегі уақыт өте келе деңгейге келтірілді (2-сурет).

Ойыл атырауының құрылуына Ойыл өзенінен ағып шыққан Жарыпшықан, Улкенбаш, Жаманаша т.б. тармақтары ат салысты.

Шығыстан Кейінгіхвалын теңізіне Сағыз өзенінің суы бет алды. Оның арнасы бірнеше тармақтарға бөлініп және Кейінгіхвалын теңізінің жағасынан -5, -6 м. абсолюттік биiktікте мұсіндік атырауын құрды. Әрі қарай теңіз -10, -12 м. деңгейге шегінеді. Сағыз өзені тартылған теңіз деңгейімен қатарласып, өзен атырауын теңіз жағалауындағы жаңа деңгейге абсолютті биiktік -10, -12 м. жаңа деңгейге тұрады. Осы ірі Сағыз атырауына Жайық өзенінің тармақтарының суы ағып жатыр. Ойыл және басқада өзендері бүгінгі уақытта Каспий маңы ойпатының даласында жоғалып кеткен. Олардың іздерін ғарыштық суреттерден ғана байқауға болады. Жайық өзенінің атаулары жоқ тармақтары кішігірім Жайық атырауын құрайды (2-сурет). Ертексвалын уақытында Каспий теңізінде шығанақ болған. Қазіргі уақытта оның үзінділері «Өлі Құлтек» деп аталады. Кейінгіхвалын уақытында шығанақ жоғалып кетті. Теңіз суы шығанақтан тартылып кетті. Босатылған

теңіз түбінде экзогендік және эндогендік процесстерден Бэрд төбешіктері пайда болды. Сағыз атырауында бұл төбелер пайда болды. Кейінгіхвалын трансгрессиясынан Жаңакаспийлік жалғастырды. Ол ерте голоценде пайда болды (8 мың жыл бұрын) [3].

Жаңакаспийлік трансгрессиясы кезінде өзендердегі су деңгейі жоғары болды деп санаймыз. Өзеннің негізгі арнасы және оның жарлы жағаларыда суға толы болды. Сағыз өзені мен басқа да өзендердің сулары Сағыз атырауының деңгейін -20 м. абсолюттік биіктікке, яғни Жаңакаспий теңізінің жағалауына дейін көтерді. Осылайша, Сағыз атырауы Хвалын Жаңакаспий теңізінің екі деңгейінде болғанын байқауға болады. (2-сурет).



2-Сурет - Кейінгіхвалын уақытындағы Каспий маңы ойпатының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі гидрографиялық желісінің схемасы.

Ембі атырауы Жаңакаспий трансгрессиясындағы өзінің дамуын -20 м. абсолюттік биіктікте аяқтайды. Батыста Кейінгіхвалын трансгрессиясы кезінде -5, -6 м абсолюттік биіктікте Орда жинақтаушы атырауы даму кезеңі аяқталды. Каспий маңы ойпатының солтүстік және шығыс бөлігінің гидрографиялық желісінің шығыс және солтүстік бөліктерін зерттей отырып, назарымызды зерттелген аймақтың батыс жиегіне аударамыз (3-сурет).

Волгоград қаласының аймағында Еділ өзені шамамен 90° бұрыш жасап, шығысқа қарай бұрылады. Откен ғасырдың 50-ші жылдарында А.А.Рождественский өзеннің бұрылуы үлken тектоникалық белсенді түз күмбезіне байланысты деп жазды. Алайда, Ертексвалын уақытының басында Еділ өзені судың бір бөлігі оңтүстікке қарай ақкан деп санаймыз. Қазіргі уақытта ежелгі каналдың орны Сарпин көлдерінің тізбегімен анықталады. Бұл ежелгі канал Ертексвалын уақытында абсолютті биіктігі -5, -6 м. болатын үлken Сарпин мұсінінді және ұзындығы шамамен 70 км болатын атырауды қалыптастырды.


Қазіргі Чернояр елді мекенінің солтүстігінде, Ахтуба қаласына қарама-қарсы оңтүстік-батыс бағыттағы Еділ өзені суының жаңа бөлігі шықты. Бұл серпіліс алқапты Чернояр мұсіндей атырауы деп атайды. Тұзды селосы аумағында Еділ өзені алқабының жарып шыққан бағытындағы сулар батысқа қарай бет алды. Қысқа бөлікте олар қысқа, кен, сәл қисайған мұсіндей алқапты құрады. Бұл алқапты созылған пішінді ойпанды жер бедері тізбегі ретінде қарастыруға болады. Алқаптың ұзындығы - 20 км, ені - 8-10 км. Бұл аңғар Чернояр атырауымен байланысты. Чернояр атырауы шығыстан Сарпинмен шектеседі. Атыраулар алып жатқан аумақ кеңеюде. Никольск пен Цаган-Аман елді

мекендерінің арасында оңтүстікке қарай Еділ өзені суларының бір бөлігі оңтүстік-батысқа қарай өтеді. Бұл сулар серпінді алқапты құра алмады, бірақ ені 20-25 км болатын жолақты бұзды және Еділ жағалаулерінан өздерінің мұсіндік атырауын қалыптастыра бастады. Бұл атыраудың ұзындығы 90 км-ден асады, ал кейбір жерлерде ені 40 км-ден асады. Бұл атырау Цаган-Аман деп аталады. Оңтүстік-батыста Цаган-Аман атырауы Сарпин сағасымен біріктіріледі. Осылайша, абсолюттік биіктігі -5, -6 м., ұзындығы 140 км-ден асатын мұсіндік атыраулардың жолағы пайда болады. Ол көрсетілген биіктіктерде тұрғанда Ертехвалын теңізінің жағалау сызығын нақты бекітеледі. Ұқсас құбылыстар белгілі және сол жағалауда Могуттада атырауы дамыған [6].

Ертехвалын трансгрессиясынан кейін Кейінгіхвалын трансгрессиясы 0, -2 м абсолюттік биіктігінде басталады. Біріккен атыраулардан серпінді алқаптың оңтүстігіне өтіп, олар кейінгіхвалын трансгрессиясының жағалау сызығына өтіп, онда кішігірім мұсіндік атыраулар түзеді, оларды ғарыштық суреттерде және ірі масштабтағы топографиялық карталардан көруге болады (3-сурет). Мұндай алқап Долбынғол ойпатының жер бедерінде жақсы көрінеді. Оның оңтүстік бөлігі нөлдік биіктікте орналасқан. Демек, Ертехвалын атыраулары Кейінгіхвалын теңізімен байланысын жоғалтпады. Оңтүстігінде ойпат біршама кеңейіп, бүгіліп, оңтүстік-шығысқа бағытталған құм массивімен аяқталады. Оңтүстік-шығысқа қарай жылжу кезінде құмды массив біртіндеп кеңейіп, бұрын сипатталған жинақталған атырауларға ұқсайды. Құмдар -5, -15 м. абсолюттік биіктікте орналасқан, құм массивінің солтүстік бөлігі -5, -6 м. абсолюттік биіктігінде орналасса, ал оңтүстік, оңтүстік-шығыс бөлігі -15, -16 м. биіктік деңгейінде өтеді. Долбынғол ойпаңы Кейінгіхвалын уақытының теңіз суымен басылып жатты. Осымен Кейінгіхвалын теңізінің шығанағы пайда болды.

Кейін теңіз кетіп, бұрын аталған атыраулардан шыққан су шегініп жатқан теңіздің артында қалып, жинақтаушы атырау құрды. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығыста Кумо-Манич ойпаты созылады. Бұл ойпattan теңіз суы солтүстік-батыстан Каспий теңізіне көптеген трансгрессиялар кезінде жіберілді. Ұқсас құбылыстар Г.И. Рычагова жұмысында толық көрсетілген [1, 505 б.].

Кумо-Маныч ойпатында Калаус, Қөгершін, Шашрай, Манич және басқада өзендер өтеді. Өзендер бөгеттермен қоршалған. Су қоймалары құрылған. Хвалын трансгрессиясы кезінде өзендер Каспий маңы ойпатының ашиқ жерлеріне кірген кезде әртүрлі биіктіктерде мұсіндік және аккумуляциялық атыраулар құрған. Каспий теңізіне жақындаған кезде мұсіндік атыраулардың арасында құм жоталары пайда болғанын атап өткен жөн. Кумано-Манич бассейнінен ағып жатқан өзендер аралас атыраулар құрды деп болжау керек. Хвалын уақытында Ставрополь тауларынан көптеген ұсақ өзендер үлкен құмды-сазды материал алып келді. Солтүстікten Сарпин, Чернояр және Цаган-Аман атырауларынан, батыстан Кумо-Манич ойпатынан ағып жатқан үлкен су ағындары теңіз шұнқырларына құйды. Одан ілгері уақытта жаңа су ағындары Каспий теңізінің Хвалын трансгрессиясы кезінде белгілі бір жағдайға ие болып, құмды шайып және жинақтаушы атыраулар құрды. Осылайша, салыстырмалы түрде шағын аудандарда аралас атыраулар пайда болды. Алайда, бұл мәселе егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді. Сондықтан олар толығымен қарастырылмайды. Олар сонымен бірге барлық Хвалын трансгрессия кезіндегі ойпattарды жеке зерттеуді қажет етеді.



9-Сурет-3. Еділ өзенінің оң жақ жағалауындағы мұсіндік аттараулардың орналасу схемасы

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Каспий маңы ойпаты территориясында Хвалын трансгрессиясы кезінде өзендер мен көлдер құрган тығыз гидрографиялық желі пайда болғандығы белгілі болады. Өзендер шегініп жатқан теңізден өтіп, жинақтаушы және мұсіндік аттараулар құрады. Олар Хвалын теңізінің әр түрлі кезеңдерінде жағалау сызықтарын нақты анықтайды. Каспий теңізінің трансгрессиясының пайда болуы климаттық және тектоникалық факторларға байланысты. Хвалын трансгрессиясы кезінде климат ылғалды болды. Кей жерлерде көтерілістер және басқа жер аймақтардың төмендеуі жүрді. Каспий теңізіне шығыстан және батыстан судың енуі де жоққа шығарылмайды. Өзен жүйелерінің пайда болуына тұзды күмбездердің көтерілуі және күмбезаралық қалыптардың төмендеуі әсер етті [5,6].

Корытынды

Тұз тектоникасы өзендер желісінің жоспарлы дамуына айтарлықтай әсер етті. Каспий теңізі регрессиядан кейін Каспий маңы ойпатының өте құшті шөлденеуі басталады. Көптеген кіші өзендер өз жұмысын тоқтатты.

Экологиялық проблема бірі - тұщы судың жетіспеушілігі. Уақыт өте келе ежелгі аттараулар мен арналарда құмдар, саздар және басқа шөгінді жыныстардың астында қалды. Өздерін сүмен қамтамасыз ету үшін Қазақстан түрғындары осында су көздерін іздеуі керек. Қазіргі тектоникалық қозғалыстар мұндай сулардың жағдайын өзгертеді. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қазіргі заманғы эндогендік тектоникаға және оның жер асты суларымен байланысына көп көңіл бөлу қажет екендігі айқын болды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Рычагов Г.И. Позднеплейстоценовая история Каспийского моря / Рычагов Г.И. // Комплексные исследования Каспийского моря. – Сборник докладов. Вып.4. Изд-во: МГУ., 1974. – С.158-165.

[2] Леонтьев О.К. Геоморфология и история развития северного побережья Каспийского моря. / Леонтьев О.К., Фотеева Н.И. – М., Изд-во: МГУ., 1965. – С.151.

[3] Леонтьев О.К. Геоморфология и история развития северного побережья Каспийского моря / Леонтьев О.К., Маева Е.Г., Рычагов Г.И. - М., Изд-во: МГУ., 1977. – С. 210.

- [4] Федоров П.В. Стратиграфия четвертичных отложений и история развития Каспийского моря / Федоров П.В. // Труды геологического института АН СССР. – Выпуск 10. М., 1957., – С. 105.
- [5] Турикешев Г.Т позднеплейстоценовой эрозионной сети в северо-западной части Прикаспийской низменности / Турикешев Г.Т // - Вестник МГУ. Серия 5. Географическая №1. – М., Изд-во: МГУ, 1979, –С. 25-27
- [6] Турикешев Г.Т-Г.О., Ш-И.Б. Южное предуралье. География, геология, тектоника и геоморфология. / Турикешев Г.Т-Г.О., Донуколов Г.А., Кутушев. – М. Инфра-М. 2016. – С.128-196.

REFERENCES

- [1] Rychagov G.I., Maeva E.G., Rychagov G.I. Pozdneplejstocenovaya istoriya Kaspijskogo moray [Poznepleistocene history of the Caspian Sea: Comprehensive studies of the Caspian Sea. Sat. Reports]. Sbornik dokladov. Vyp.4. Izd-vo: MGU., 1974. – S.158-165 [in Russian].
- [2] Leont'ev O.K., Foteeva N.I. Geomorfologiya i istoriya razvitiya severnogo poberezh'ya Kaspijskogo morya. [Geomorphology and the history of the development of the northern coast of the Caspian Sea.] – M., Izd-vo: MGU., 1965. – S.151 [in Russian].
- [3] Leon'tev O.K., Maeva E.G., Rychagov G.I. Geomorfologiya i istoriya razvitiya severnogo poberezh'ya Kaspijskogo morya [Geomorphology and the history of the development of the northern coast of the Caspian Sea.] - M., Izd-vo: MGU., 1977. – S. 210 [in Russian].
- [4] Fedorov P.V. Stratigrafiya chetvertichnyh otlozhenij i istoriya razvitiya Kaspijskogo morya [Stratigraphy of quarter deposits and the history of the development of the Caspian Sea] - Trudy geologicheskogo instituta ANSSSR. - Works of the geological institute ANSV. Issue 10. M., 1957. 1057 s.[in Russian].
- [5] Turikeshev G.T pozdneplejstocenovoj erozionnoj seti v severo-zapadnoj chasti Prikaspiskoj nizmennosti [About the late Pleistocene erosion network in the northwestern part of the Caspian lowlands] - Vestnik MGU. Seriya 5. Geograficheskaya №1. – M., Izd-vo: MGU, 1979, –S. 25-27 [in Russian].
- [6] Turikeshev G.T-G.O., Donukolov G.A., Kutushev. SH-I.B. YUzhnoe predural'e. Geografiya, geologiya, tektonika i geomorfologiya [Southern Predural. Geography, geology, tectonics and geomorphology]. M. Infra-M. 2016.- S.128-196 [in Russian].

Тургумбаев А.А., Кішібекова Ә.Б.

РАЗВИТИЯ ГИДРОГРАФИЧЕСКОЙ СЕТИ НА ТЕРРИТОРИИ ПРИКАСПИЙСКОЙ НИЗМЕННОСТИ

Аннотация. В настоящей статье рассмотрена гидрографическая сеть позднеплейстоцена и раннего голоцен. Известно, что Каспийское море поднималось на различные высотные уровни. Реки шли за отступающей береговой линией моря и формировали кратковременные дельты. Одни дельты остановились на одном уровне, а другие шли дальше на юг и увеличивали свои размеры. Реки Урал, Уил, Сагиз и др. разветвлялись на множество русел и создавали аккумулятивные или скульптурные дельты. Анализу речной сети и развитию дельт посвящена настоящая статья. Целью данной работы является изучение сети рек на территории Каспийского бассейна в ранний и поздний периоды. То есть для них характерна трансгрессия раннего состояния и совпадение позднего состояния со льдом.

Ключевые слова. Скульптурная и аккумулятивная дельты, позднехвалынская и новокаспийская трансгрессия, реки Урал, Сагиз, Уил, рукава, ответвления долины прорыва.

Turgumbayev A.A., Kishibekova A.B.
DEVELOPMENT OF HYDROGRAPHICAL NETWORK IN THE TERRITORY OF
THE CASPIAN LOWLAND

Annotation. In this article the hydrographic network Late Pleistocene and early Holocene. It is known that Caspian Sea is rising at different altitude levels. Rivers followed the retreating coastal sea lines and formed a short-term delta. Some Delta stopped at one level, while others have moved on to the south and increases its size. Ural River, Wheel, Sagiz et al. Branched into multiple channels and create accumulative or sculptural delta. Analysis of river network and the development of deltas devoted to this article. The aim of this work is to study the network of rivers in the Caspian basin in the early and late periods. That is, they are characterized by the transgression of the early state and the coincidence of the late state with ice.

Keywords: Sculptural and accumulative delta pozdnehvalynskaya Novocaspian and transgression, the Ural River, Sagiz, Wil, sleeves, branches break valley.